

егемен Қазақстан

Тәуекел хан

XVI ғасырдың соңғы 20 жылындағы кейбір ортағасырлық жазба деректерде Қазақ хандығының саяси тарихында ерекше рөл атқарған тұлға ретінде Тәуекел ханның есімі жиі кездеседі. Тәуекел хан – қазақ халқының этностық аумағы қалыптасуының аяқталу кезеңінде билікте болып, осы үдерісті соңына дейін жеткізген тарихи тұлға. XV-XVI ғасырлардағы қазақ хандарының сыртқы саясатының басты мақсаты – қазақ жерлерін біріктіру болғаны белгілі. Тәуекел өзіне дейін билікте болған билеушілердің қазақ жерлерін біріктіру жолында жүргізген саясатын одан әрі жемісті жалғастырып, өзінен кейін тақ мұрагері болған туған інісі Есім ханға қазіргі кездегі Қазақ елінің аумағындай үлкен аймақты мұраға қалдырады.



Тәуекел ханның есімі ортағасырлық мұсылман мәліметтерінде Таваккул-сұлтан, Тауке-хан, Таваккул-хан, Төкей хан деп кездесе, орыс деректерінде – Тевекел-хан, Тевкель-царевич царь, Тевкель-царь деп жиі аталады.

Тәуекел хан – Шығай ханның он шақты ұлының ішіндегі үшіншісі. Шығай ханның ұрпақтарынан мол хабардар Қадырғали Жалайыр былай деп жазады: «Шығай ханның әйелдері көп еді, олар белгілі үш қара шаңырақтан (ордадан) тұратын. Олардан туған ұлдар мыналар: Сейітқұл сұлтан, Ондан сұлтан және Алтын ханым – Байм бегім атты бәйбішеден туған еді. Төкей хан (Тәуекел хан – Б.К.), Есім сұлтан, Сұлтан Сабыр бек ханым. Бұл үшеуінің анасы Жағат қызы Яхшым бегім еді. Әли сұлтан, Ибрагим сұлтан, Шахим сұлтан – бұлардың анасы Бұрындық ханның қызы Дадам ханым еді».

Тәуекел сұлтанның тарихи болмысын шартты түрде сұлтандық және хандық кезең деп екіге бөлуге болады.

Сұлтан лауазымымен оның есімі алғаш рет жазба деректерде Хафиз Таныш еңбегінде XVI ғасырдың 80-жылдарының басындағы оқиғаларға қатысты кездесе бастайды. 1581 жылы Шығай хан Мауереннахр билеушісі шайбанилық II Абдаллах ханның сарайына келгенде, «Шараф-наме-йи шахи» авторы қазақ ханының жанында ұлдары болды деп жазады да, тек Тәуекел сұлтанның есімін ғана атайды.

II Абдаллах хан өзінің басты қарсыласы Баба сұлтанға бағытталған 1581 жылғы жорығына Шығай хан мен оның ұлдарын қатыстырады да, жеңіске жеткеннен кейін әскербасыларын өз уәлаяттарына қайтарады. Шығай ханның Ходжентке оралуына рұхсат беріп, Тәуекел сұлтанды өзінің ең сенімді адамдарымен бірге Бұхараға ертіп кетеді. Бұхара ханының бұл жерде қандай ойы болғанын дәл басып айту қиын. Дегенмен, көрші ел билеушілерінің басты өкілдерінің бірін жанында ұстауы тегін емес деп ойлаймыз.

II Абдаллах ханның Баба сұлтанға қарсы кезекті жорығы 1582 жылдың көктемінде, сәуір айының алғашқы күндері басталады. Бұл жорыққа тағы да Шығай хан және оның ұлдары қатыстырылады. Баба сұлтанның соңына түскен Бұхара ханы Орталық Қазақстандағы Ұлытауға дейін жетеді. Деректе сол маңдағы Жошы ханның мазары айтылады. Ұрыс қарсаңында шайбанилық билеуші оң канаттағы әскердің алдыңғы бөлігіндегі топқа Шығай ханды, қазақ сұлтандарын және Тәуекел сұлтанды бұйрықпен бекітеді. Деректе автор Тәуекел сұлтанға: «Дешті Қыпшақта даңқы шыққан және ерлігі, батырлығы, қайсарлығы жағынан бүкіл әлемде жалғыз өзі», деген сипаттағы баға береді. Жорық барысында шайбанилық хан әскерінің бір тобы қарсыласының соңына түсіп, Сауық өзені (ортағасырлардағы Торғай өзенінің атауы) бойында ұрысқа түседі. Баба сұлтан әскері қатты табандылық көрсетсе де, ұрыс барысын Тәуекел сұлтан басқарған әскер тобы шешеді. Ол жөнінде деректе былай деп сипатталады: «...Сол уақытта басқа жақтан жауының құтын қашырып, Тәуекел сұлтан жеке әскерімен ұрысқа енді де, алғашқы екпінмен қарсыласын жойып жіберді». Баба сұлтан болса, маңғыттарға қарай қашуға мәжбүр болады.

Тәуекел сұлтанның осы жорық барысындағы келесі бір ерлігі – оның Баба сұлтанның туған бауыры Тахир сұлтанды Созақ пен Сауран арасында тұтқынға алуы. Бұл оқиға 1582 жылдың 16 маусымы күні болады. Осы ерлігі үшін II Абдаллах хан қазақ сұлтанына өте риза болып, алтын жіптермен тігілген халат, бөрік және қымбат тастармен өрнектелген белдікті сыйға тартады.

Тәуекел сұлтанның Мауереннахр билеушісімен бірге Баба сұлтанға қарсы күресінің қорытындысы ретінде оның Баба сұлтанды өлтіріп, басын II Абдаллах ханға алып келуін айтуға болады. Хафиз Таныш ол оқиғаны былайша әңгімелеп баяндайды. Оның қысқаша мазмұны мынадай:

Маңғыт еліне бас сауғалап қашып келген Баба сұлтан жанындағы адамдардың кеңесіне құлақ асып, маңғыт билері мен мырзаларын қастандықпен өлтіріп, маңғыт елінің билігін тартып алуды ойластырады. Оның бұл ойын сенімді адамдар маңғыт билеушілеріне хабарлап қояды. Арам ойы іске аспағаннан кейін маңғыттар тарапынан қауіптенген Баба сұлтан адамдарымен қайтадан Түркістан уәлаяты жаққа қарай қашады.

Сығанақ жанынан өтіп, Ясы қаласына азық-түлік пен киім кешек алу үшін өзіне қызмет жасап жүрген екі қалмақты жібереді. Ол екеуі Ясыдан мол киім-кешек алып кейін қайтады. Дәл осы кезде екі қалмақты Тәуекел сұлтанның адамдары кездейсоқ кезіктіріп қалады. Екі қалмақты қатты қинап, жөндерін сұрағанда олар Баба сұлтан туралы ақпараттың бәрін жайып салады.

Бұл хабарды шайбанилық ханға жеткізу үшін Тәуекел сұлтан өз адамын жібереді. Бірақ одан көмек келгенін күтпей, аз ғана әскерімен Баба сұлтан орналасқан жерге шұғыл аттанып кетеді. Баба сұлтан адамдары Тәуекел сұлтан әскерін алыстан көріп, қарсыласуға дәттері шыдамай, жан-жаққа қаша бастайды. Баба сұлтанның ең сенімді адамы, онымен бірге талай ыстық пен суықты басынан өткерген Бузахур сұлтан Сайрамға қарай атының басын бұрады.

Баба сұлтан баласы Латиф сұлтанмен қоштасып, Жан-Мұхаммед аталықпен бірге тауға қарай қашады. Тәуекел сұлтан адамдары Латиф сұлтанды тұтқындап, қашқындардың соңынан қууды жалғастырады. Қашқындар қашып құтыла алмасын білген соң, аттарын кері бұрып, садақпен атыса бастайды. Сол кезде садақ оғы Баба сұлтанға тиіп, атынан құлап түседі. Тәуекел сұлтанның бұйрығымен жауларының басы кесіліп, 1582 жылдың 7 тамызы күні II Абдаллах ханның аяғының астына тасталады. Тәуекел сұлтанның ерлігіне әбден риза болған Мауереннахр билеушісі мол сый-сияпаттар беріп, Соғды мен Самарқанд аралығында орналасқан Африкент уәлаятын сыйға тартады. Тәуекел сұлтанның Баба сұлтанға және оның жанындағы адамдарына қарсы жан аямай күресінің өзіндік себебі болған. Ол себеп – Хақназар хан үшін, Жалым сұлтан үшін және олардың ұлдарының өлімі үшін «қанға қан» деген қағидаға сай кек қайтару болатын.

Тәуекел сұлтан Бұхара билеушісінің жанында тағы да бір жылдай болады. Оның 1583 жылғы Андижан мен Ферғана аймақтарына жасаған жорығына қатысады, қайтар жолда II Абдаллах хан тарапынан өзіне деген сенімсіздіктің пайда болғанын байқап, Тәуекел сұлтан Дешті Қыпшаққа оралады. М.Қ.Әбусейітова Тәуекел сұлтанның Бұхара ханынан іргесін ажыратуын былайша түсіндіреді. 1583 жылы Абдаллахтың әкесі Ескендір хан қайтыс болып, Абдаллах өзін заңсыз хан деп жариялайды. Таққа үміткер шайбанилықтардың көбі күрес барысында қаза табады. Шыңғыс ұрпағы болғандықтан беделі зор Тәуекел сұлтанның да қауіптен бастаған секілді. Тәуекел сұлтан мұны сезіп, Дешті Қыпшаққа кетуге мәжбүр болады.

Тәуекел сұлтанның Дешті Қыпшақ аумағына келгеннен кейінгі алғашқы 3 жылы ешбір жазба деректе айтылмайды. Дегенмен, оның Шығай хан ұлдары ішінде, тіпті сол жылдардағы Жәнібек хан әулеті ішінде ең беделді тұлғалардың бірі болып саналуы, оны хан тағына әкелген деуге негіз бола алады. Ортағасырлық тарихшы Ескендір Муншидің Тәуекел сұлтанды «хан атағын өзіне алып алған» деп жазуына қарағанда, алғашқыда оны шығайлық сұлтандар мен жақтастары ғана хан деп мойындаған деп түсінуге болады.

Осы жылдардан бастап Тәуекелдің өміріндегі хандық кезең басталады.

Тәуекел хан Дешті Қыпшақта жүріп, Мауереннахрдағы жағдайды жіті бақылап отырады. Бұхара билеушісінің қатты күшеюіне байланысты ол бірте-бірте оның қарсыласына айнала бастайды. 1586 жылы ол II Абдаллах ханның оңтүстік өңірлерде жүргенін пайдаланып, Бұхара билеушісінің солтүстіктегі шекарасына жақындайды да, Түркістанды, Ташкентті, тіпті Самарқанды басып алуға ниеті бар екенін жасырмайды. Ташкенттіктер азғантай ғана әскерімен қазақтарға қарсы шығып, Шарапхана маңында кездеседі. Ұрыс барысында қазақ әскерлері қарсыласын тас-талқан етіп жеңеді. Бұл хабар тез арада Самарқанға жетеді. Ондағы II Абдаллах ханның бауыры Ибадулла сұлтан бүкіл аймақтан әскер жиып, шұғыл түрде Ташкент маңына келеді. Тәуекел хан бұл кезде Сайрам түбінде болатын. Қарсыласының іс-әрекетінен хабардар болған Тәуекел хан ашық ұрысқа шықпай, далалы аймаққа шегініп кетеді.

Тәуекел ханның II Абдаллах хан иелік етіп отырған Сыр бойындағы қалалар мен Ташкент өңіріне алғашқы жорығы оған ешқандай нәтиже әкелмесе де, ол бұл жорығымен ресми қазақ ханы ретінде осы аймақтарда өзінің мүддесі бар екендігін ашық көрсетеді.

Күштердің ара салмағы тең болмауы себепті Тәуекел хан Сыр бойындағы қалалар мен өңірлер үшін күресті уақытша кейінге шегереді. Жалпы алғанда, бұл күрес қазақ хандарының қазақ халқының этностық аумағын біріктіру жолындағы XV ғасырдың 70-ші жылдарынан бері жалғасып келе жатқан күресінің бір эпизоды ғана болатын.

Тәуекел хан 1586 жылғы Ташкентке жасаған сәтсіз жорығынан кейін Бұхара билеушісімен қарым-қатынасында уақытша бейтараптық позиция ұстанады. Тіпті, 1588 жылғы II Абдаллах ханға қарсы Ташкент аймағындағы жергілікті билер мен бектердің үш айға созылған көтерілісіне қатыспайды. Өйткені бүкіл Мауереннахр мен Хорасан аймағының экономикалық қуатына сүйенген шайбанилық билеушінің саяси-әскери әлеуеті өте зор еді. Алысты көре білетін Тәуекел хан Мауереннахр билеушісімен ашық күреске барудан бас тартып, басқа көршілес елдермен қарым-қатынасын бейбіт түрде, бірақ белсенді жүргізе бастайды.

XVI ғасырдың 80-жылдарының соңы мен 90-шы жылдардың басында Тәуекел ханның сыртқы саясаттағы белсенділігі Шығыс Түркістан мен оған көршілес аумақта көшіп жүрген ойрат тайпаларына қарсы бағытталады. Шах Махмуд Шорастың «Тарих» атты еңбегінде Қашғарияның ішкі саяси істеріне Абд ар-Рашид хан қайтыс болғаннан кейін Тәуекел ханның өте белсенді түрде араласқаны жөнінде бір мәлімет кездеседі. Шығыстанушы-ғалым В.П.Юдин осы мәліметті негізге алып, Шығыс Түркістан аумағындағы Чалыш пен Тұрфан қалаларындағы билікке кімнің отыратындығын Тәуекел ханның позициясы анықтады деген тұжырым жасайды.

Деректерде Абд ар-Рашид хан қайтыс болғаннан кейін оның көптеген ұлы арасында билік үшін талас-тартыстардың болып, оның ұзаққа созылғаны жөнінде айтылады. Олар өзара күрес барысында көршілес елдердің билеушілеріне арқа сүйейді. Күресуші топтың кейбір өкілдері Тәуекел ханнан да көмек сұраған секілді. Мұндай жағдайда Тәуекел хан ол жақтағы ықпалын кеңейту үшін көмегін аямайды. Тарихшы Шах Махмуд Чорас 1580-жылдардың соңында Абд ар-Рашид ханның Құрайыш сұлтаннан туған ұлы Хұдабанда сұлтанның Тәуекел ханның көмегімен Тұрфан мен Чалыш қалаларындағы билікті басып алғандығын баяндайды. Бұл дерек әзірге жалғыз болса да, Тәуекел ханның өз еліндегі ішкі саяси жағдайларды реттеп, белгілі бір дәрежеде халықаралық деңгейге шыққандығын көрсетеді. Біздің бұл ойымызды сол жылдардағы қазақ-ойрат қарым-қатынастарындағы Тәуекел ханның атқарған рөлі растай түседі.

XVI ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының шығысындағы ойрат тайпаларында саяси бытыраңқылық белең алып тұрған болатын. Олар ұзақ уақыт бойы халха моңғолдармен жайылымдық жерлер үшін күрес жүргізіп, көп жағдайда жеңіліске ұшырап отырды. Сол себепті бытыраңқы ойрат тайпалары батысқа қарай жылжып, қазақтардың және шығыс түркістандық билеушілердің иеліктеріне тақап келеді. Өз кезегінде қазақ хандары мен шағатайлық хандар ойраттарға қарсы шабуылдар жасап отырады. 1588 жылы Тұрфан билеушілері ойраттарға кезекті соққы жасап, оларды шығысқа қарай қашуға мәжбүрлейді. Ойраттардың қазақтармен де күресі нәтижесіз жүреді. Бұл кезде біршама күшейіп алған Тәуекел хан ойраттарды жеңіп қана қоймай, олардың жекелеген тайпаларына өз билігін мойындатады. Бұл туралы 1594 жылдың қаңтар айында Мәскеуге келген Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммед пен Ораз-Мұхаммед сұлтанның арасында болған әңгіменің жазбасында айтылады. Онда Ораз-Мұхаммед сұлтанның өзінің жақын туыстарының жағдайы мен қазақ елінің көршілерімен қарым-қатынасы туралы қойған сұрақтарына елші былай деп жауап қайтарады: «...Қазір сенің көкең Тәуекел хан Қазақ Ордасында хан болып отыр, өзінің інісі Шах-Мұхаммед сұлтанды қалмақтарға отырғызды, олар бір-біріне жақын жерде көшіп-қонып жүр және бәрі ынтымақта. Ал Бұхара патшасымен уақытша бейбіт өмір сүруде, ноғайлармен де, алтыұлдықтармен де бейбіт жағдайда, Дін-Ахмет ұрпақтарымен және Орыс ұрпақтарымен – бірде олай, бірде бұлай өмір сүріп жатыр».

Бұл мәлімет сол кездегі Қазақ хандығының шекарасын және Тәуекел ханның беделінің қандай болғандығын білуге көмектеседі. Батыста Қазақ елінің шекарасы Жем

мен Жайық өзендері аралығындағы ноғайлармен, шығыста ойрат тайпаларының жайылымдарымен түйісіп жатқанын аңғарамыз. Ал Тәуекел ханның қазақ қоғамындағы билігі әбден орныққанын және көршілес елдермен саяси қарым-қатынасында белсенді рөл атқарып отырғанын көреміз.

Тәуекел ханның XVI ғасырдың 90-жылдарының ортасында жүргізген сыртқы саясатындағы басты бағыттың біріне – Орыс мемлекетімен елшілік байланыстарды орнатуын қосуға болады. Мауереннахрдың өте қуатты билеушісі II Абдаллах ханға қарсы күресу үшін Тәуекел ханға қуаты жағынан одан кем емес әскери одақтас қажет болатын. Сол жылдардағы Қазақ хандығына көршілес болған елдердің ішкі-сыртқы саяси жағдайларына қысқаша шолу жасасақ, жағдай мынадай болатын.

Тәуекел ханның шебер дипломатиялық өнері осы тұста тағы да байқалады. Күшейіп тұрған II Абдаллах ханға қарсы күресте ең сенімді одақтас Орыс мемлекеті бола алатынын білген Тәуекел хан Мәскеуге елшілік жіберуді ойластырады. Бұл жылдары Орыс мемлекетінің шекарасы оңтүстікте де, батыста да Қазақ хандығымен түйісе бастаған еді.

Тәуекел ханның Құл-Мұхаммед би бастаған елшілігі Мәскеуге 1594 жылы барды. Елшіліктің алдына бірнеше мақсат қойғаны белгілі. Олар: II Абдаллах ханға қарсы күресу үшін Орыс мемлекетімен әскери одақ құру, Тәуекел ханның немере інісі, Оңдан сұлтанның ұлы Ораз-Мұхаммедті Мәскеудегі тұтқыннан қайтару; Орыс патшасынан Бұхараға қарсы күресу үшін «от шашатын қару» алу еді. Бұл мақсаттың бәрі дәл сол жылдары Қазақ хандығы үшін өте маңызды болатын.

Құл-Мұхаммед бидің елшілігі жөнінде тарихнамада арнайы қарастырылған. Тәуекел хан елшілігінің атқарған жұмысы мен оған жауап ретінде Орыс мемлекеті тарапынан келесі, 1595 жылы Қазақ ордасына келген орыс елшісі Вельямин Степановтың баяндауы мен жазбаларында қазақ-орыс елшілік байланыстарынан басқа, сол кезеңдегі Қазақ хандығының сыртқы байланыстары жөнінде біршама мәліметтер бар.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Ораз-Мұхаммед сұлтанның Құл-Мұхаммед бимен әңгімесінің жазбасында Тәуекел ханның жағдайы және оның қалмақтармен, Бұхара билеушісімен, ноғайлармен қарым-қатынасы туралы мәліметті келтіргенбіз. Осы құнды деректе Құл-Мұхаммед би Орыс еліне Ираннан елшілік келіп жатқанынан хабардар болып, Бұхара ханына қарсы бірігіп күресу үшін қызылбас елінің елшісімен кездесуге күш салады. Құл-Мұхаммед би орыс патшасының рұхсатымен Иран елшісімен кездеседі. Екі елші арасындағы негізгі тақырыптың Бұхараға қарсы бірігіп күрес жүргізу туралы болғаны анық. Қазақ елшісі Мауереннахрдағы шайбанилық әулеттің билігіне қарсы қазақ-иран одағын қалыптастыру мәселесін көтеріп, оны нақтылау үшін қазақ елшілігінен бір адамды Иран елшілігіне қосып, қызылбастар еліне жіберу туралы, ал Мәскеуде жүрген Иран елшілігінің бір адамын қазақ елшілігімен бірге Тәуекел ханға жіберу туралы ұсыныс білдіреді және ол ұсыныс қабылданады. Келесі жылы қазақ еліне орыс елшілігін басқарып келген Вельямин Степановпен бірге ирандық елшіліктің бір өкілі еріп барып, орыс елшілігімен бірге кейін оралғандығы туралы айтылады. Ал қазақ елшілігінен Иранға барған адам туралы ешқандай мәлімет жоқ.

Жалпы алғанда, Құл-Мұхаммед бидің елшілігінен байқағанымыз, Тәуекел хан үшін сол кездегі Қазақ хандығының ең басты қарсыласы – Мауереннахрдағы шайбанилық билеуші II Абдаллах хан болғанын көреміз. Сол себепті де Тәуекел хан оған қарсы күресу үшін мүмкін болған жағдайдың бәрін пайдаланады.

1595 жылдың наурыз айында Тәуекел ханға Орыс мемлекетінен Вельямин Степанов бастаған елшілік аттандырылады. Әрі орыс елшілігінің құрамында жоғарыдағы келісім бойынша Иран елшілігінің Дервиш Мұхаммед есімді бір өкілі болады. Сол жылдың мамыр айының соңғы күні Қазақ ордасына жеткен орыс елшілігі 60 күн қазақтар арасында болып, шілденің соңғы күні кері қайтады. Қыркүйектің соңына таман елшілік аман-сау Мәскеуге жетеді. Вельямин Степановтың баяндамасы мен жазбасында оның қандай маршрутпен Қазақ еліне келгендігі, қандай қиыншылықтарды басынан өткергені,

Тәуекел ханның оны қалай қабылдағаны, патша грамотасын қалай тапсырғаны және тағы басқа елшіліктің жайттары айтылады. Орыс елшісі Тәуекел ханның ордасы қай жерде болғанын нақтылап айтпаса да, оның қай өңірде болғанын шамалауға болады. Елшінің баяндамасында бір орыс боярының ұлы Илейка Меньшиков деген тұтқынның Ташкенттен қашып шығып, Қазақ ордасындағы орыс елшілігіне келгенін, оның соңынан қуып келгендерге елшінің 14 сом беріп босатып алғанын жазады. Соған қарағанда, сол кездегі Тәуекел ханның ордасын Ташкенттен Дешті Қыпшаққа қарай, онша қашық емес жерде орналасқан деп санаймыз.

Жалпы, 1594 жылғы Тәуекел ханның орыс еліне барып қайтқан елшілігі де, 1595 жылғы Қазақ еліне келіп кеткен орыс елшілігі де қазақтар үшін негізгі мәселе – Бұхара билеушісіне қарсы бірігіп күресу жөніндегі мәселені шеше алмады. Мәскеу жағы сөз жүзінде болмаса, іс жүзінде Қазақ хандығына Бұхараға қарсы күресте ешқандай көмек беруге оң ниет көрсетпеді. Соған қарамастан бұл елшіліктер екі ел арасындағы ресми елшілік қатынастардың орнауына негіз қалады. Ал елшіліктің баяндамалары мен жазбалары сол тұстағы Қазақ хандығының тарихы үшін құнды деректер қатарына жатады.

Орыс елшілігі кейін оралғаннан кейін бірнеше жыл бойы Тәуекел хан үшін басты назар оңтүстіктегі көрші болып қала берді. Мәскеу тарапынан нақты ешқандай көмек болмаған соң Тәуекел хан Ирандағы сефевилік әулеттің билеушісімен жақындасуды жөн көрген секілді. Екі ел арасында жоғарыда атап өткеніміздей, елшілік өкілдер арқылы байланыстар орнатылғаннан кейін, Бұхара ханына қарсы Тәуекел хан мен Аббас шахтың көзқарастары бір арнада тоғысады. 1597-1598 жылдары қазақ ханы мен иран шахының Мауереннахр мен Хорасан аймағында шайбанилық билеушіге қарсы жүргізген соғыстарын алдын ала келісілген шаралардың нәтижесі деуге болады. Төменде осы мәселе жөнінде тереңірек тоқталып, ондағы кейбір мәселеге қатысты өз ойымызды білдірелік.

Қазақ хандығы үшін Түркістан аймағындағы қалалар мен өңірлердің шаруашылық, экономикалық, саяси-әкімшілік, мәдени-рухани, геосаяси маңыздарға ие болғандығы белгілі. Соған байланысты Дешті Қыпшақ билеушілері мен Мауереннахр билеушілері арасында бірнеше ғасыр бойы аймақ үшін күрес жалғасып жатты. Тәуекел хан тұсындағы екі жақты қарым-қатынастардың басты өзегі, осы – Түркістан аймағындағы қалалар мен өңірлер болып қала берді. Ал Хорасан аймағы болса геосаяси және экономикалық тұрғыдан ежелден Мауереннахр мен Иранда билікте болған әулет билеушілері арасындағы күрестің нағыз майданына айналады. Ал XVI ғасырдың соңғы жиырма жылында Хорасан қалалары үшін шайбанилық және сефевилік әулет билеушілері арасында нағыз шиеленіскен күрес оты қызып тұрған еді.

1583 жылға дейін Мауереннахрдағы барлық қарсыластарын жеңіп, жеке-дара өз билігін орнатқан II Абдаллах хан, осы жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін өзін ресми түрде хан жариялап, өзінің келесі жорықтарын Хорасан, Бадахшан, Хорезм аймақтарына бағыттайды. Ол 1584 жылы – Бадахшанды, 1588 жылы – Гератты, 1595 жылы – Хорезмді бағындырады. 1587 жылы Иранда 16 жасында таққа отырған атақты сефевилік билеуші Аббас шах Хорасан аймағын қайтару үшін дипломатиялық, әскери жолдарды пайдаланады. Екі майданда соғыспау үшін ол 1590 жылы Осман империясымен бейбіт келісімге келеді. 1593 жылдың соңында ол Мәскеуге өз елшілігін жібереді. 1594 жылы қаңтарда Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммед бидің Мәскеуде ол елшілікпен жолыққанын және Бұхара ханына қарсы күресу үшін келіссөздер жүргізгенін айтып өттік. Тәуекел ханның ордасында болған иран елшісінің өкілі 1595 жылдың қазан айында Вельямин Степановпен бірге Мәскеуге қайтып оралғанын атап өттік. Иран елшілігінің өкілін шамамен келесі жылы, яғни 1596 жылы өз еліне қайтып оралған деуге болады. Әрине, ол Тәуекел ханмен болған келіссөздер қорытындысын Аббас шахқа хабарлағаны айдан анық.

1594 жылы 30 мамырда орыс патшасы Федор Иванович Аббас шахтың Мәскеуге келген елшілігіне жауап ретінде князь А.Д.Звенигородский бастаған елшілікті Иранға

аттандырады. Иран шахы орыс елшісін сол жылдың 6 қарашасында өз сарайында қабылдап, орыс патшасының Түркияға, Қырымға, неміс императоры Рудольфке, Литва короліне, Ноғай Ордасына, Дағыстан билеушісі Шевкалға, Бұхара ханына және тағы басқа елдерге қарым-қатынасы жөнінде сұрақтар қояды. Бірақ Қазақ хандығы жөнінде, әсіресе, орыс патшасының Тәуекел ханға қарым-қатынасы туралы ешқандай сұрақ қойылмайды. Біз оның себебін былайша түсіндіруге тырысамыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммед би мен Аббас шахтың елшісі арасындағы келіссөз бойынша екі елшіліктің бір-бір өкілдерін Қазақ елі мен Иранға жіберу жөнінде келісілген болатын. Иран елшілігінің бір өкілі В.Степановпен бірге Тәуекел ханға келіп кеткенін айттық. Ал қазақ елшілігінің өкілі туралы ешқандай жерде айтылмайды. Бірақ ол қазақ елшілігінің өкілі Иранға келмеді дегенді білдірмейді. Біздің ойымызша, қазақ өкілі Иранға ирандық елші Ази Хұсраумен бірге келген. Князь А.Д.Звенигородский елшілігі Иранға 1594 жылдың 22 қыркүйегінде келсе, иран елшісінің кемесі «қарсы соққан желдің қырсығынан» 7 күн кешігіп келеді. Орыс елшісі тек бір жарым айдан кейін шахтың қабылдауында болады. Ал осы аралықта Ази Хұсрау елшілігіндегі қазақ өкілінен Аббас шахтың адамдары немесе шахтың өзі қазақтар туралы, Тәуекел хан және оның Мауереннахрдағы шайбанилық әулетпен, орыс патшасымен қарым-қатынастары туралы мәліметтерді біліп алған деуге болады.

Тәуекел ханның Мауереннахрға 1598 жылғы жорығы жөнінде баяндайтын деректердегі мәліметтерді терең қарастыру және оларды бір-бірімен салыстыру барысында біз, XVI ғасырдың соңында Тәуекел ханның Мауереннахрға жорығы екі рет, 1597 және 1598 жылы, яғни біріншісі II Абдаллах ханның тірі кезінде, ал екіншісі Бұхар ханы қайтыс болғаннан кейін болғанын көреміз. Ортағасырлық дерек мәліметтерінің көбінде 1598 жылғы жорық туралы айтылады. Тек екі деректе ғана – Искандер Муншидің «Тарих-и аламара-йи Аббаси» және Хожамқұли -бек Балхидың «Тарих-и Кипчаки» еңбектерінде Тәуекел ханның 1597 жылдың соңы мен 1598 жылдың басындағы жорығы жөнінде қысқаша болса да баяндалады. «Тарих-и Кипчаки» дерегіндегі мәліметтің қысқаша мазмұны мынадай: «Қазақ сұлтандары әкесі мен ұлы [Абдаллаххан мен Абд ал-Муминхан] арасындағы тартыс туралы хабарды естіп, бас көтерді. Тәуекел хан көп әскерімен Бұхараны бағындырмақ болды. Абдаллах хан ұрысқа [өзінің] қолбасшыларын алып шығады. Бұл ұрыста көптеген атақты өзбектер қаза тапты. Қашқан әскер Бұхараға келді. Бұл оқиға [хан үшін] қосымша күйініш болды. Ол әскер жиып, қазақтардың жорығына төтеп беру үшін Самарқан жаққа беттейді. Осы кезде ол қайғы мен күйініштен ауыра бастап, бір мың жетінші (1598/1599) жылы қайтыс болды». В.В.Вельяминов-Зернов Искандер Мунши еңбегіндегі Тәуекел ханның 1597-1598 жылғы Мауереннахрға жорығы туралы мәліметтің мазмұнын былайша аударып береді: «Әкесі мен ұлы арасындағы қастық пен жаулық туралы хабар Түркістанға тарағанда, бұған дейін Абдулланың күшінен қорқып тыныш өмір сүріп жатқан қазақ сұлтандары бас көтерді. Олардың бірі, өзі хан атағын иеленіп алған Тәуекел сұлтан қазақ көп әскермен Ташкентке таяп келеді. Абдуллахан оны өзіне лайықты қарсылас деп санамай, оған қарсы өз әулетінің сұлтандарын, шекаралас аймақтардың әмірлерін және әскерінің бір бөлігін жіберумен шектеледі. Екі жақ әскері Ташкент пен Самарқан аралығында кездесіп, қанды шайқас болды. Ханның бұған дейін ешқашан жеңіліс көрмеген әскері жеңіліс тапты. Әмірлер мен қолбасшылардың көп бөлігі және бірнеше сұлтан қаза тапты, ал әскердің аман қалған бөлігі өте нашар және жалынышты күйде Бұхараға қашып келді. Бұрын да ұлының әрекетінен күйініп отырған ханды бұл жағдай одан әрі қатты қайғыландырды... Ол тек қана әскер жиып, жеңілістің орнын жабуды ойластырды. Әскер жиылып, туындаған қауіптің алдын алу үшін және Тәуекел ханнан кек алу үшін Самарқанға бет алды, бірақ онда келісімен ұлының бағынбауы мен қазақтардан жеңілу салдарынан болған қайғы оның денсаулығын күрт нашарлатып жіберді. Ауруы күшейіп, ол көп ұзамай қайтыс болды».

Келтірілген екі дерек мәліметінен көріп отырғанымыздай, Тәуекел ханның бұл айтылып отырған жорығы кезінде II Абдаллах хан әлі тірі. Шайбанилық ханның нақты

қайтыс болған жылы мен күні ғылымда анық белгілі, ол – 1598 жылдың 8 ақпанында болған. Олай болса, келтірген дерек мәліметтері Тәуекел ханның бұл жорығы 1597 жылдың соңы мен 1598 жылдың басында болғанын көрсетеді.

Абдаллах ханның ұлы, әрі мұрагері Абдал-Мумин ханның әкесінен соң Бұхара қаласында таққа отырғаны көпшілікке мәлім. II Абдаллах ханның қайтыс болғаны жөніндегі хабарды естісімен Иран шахы бірден Хорасанды тезірек қайтару үшін жорыққа дайындалады да, 1598 жылдың 9 сәуірінде астанасы Исфаханнан Гератқа қарай аттанып шығады. Ал Тәуекел ханның Мауереннахрға жорығы алты айдан кейін, яғни Абдал-Мумин хан қастандықпен өлтірілгеннен кейін басталады. «Тарих-и Кипчаки» дерегінің авторы бұл жөнінде «Абдал-Мумин ханның өлтірілгендігі туралы хабарды ести сала...Тәуекел хан Ташкент пен Мауереннахрды бағындыру жолына кірісті», деп жазады.

Жоғарыда келтірілген дерек мәліметтерінен Тәуекел хан мен Аббас шахтың Мауереннахр мен Хорасандағы шайбанилық әулеттің билігіне қарсы жүргізген күрестері алдын ала жасалған екіжақты келісімнің нәтижесінде жүзеге асқан деуге болады. Мұндай келісім Тәуекел ханның ордасында болған ирандық елшілік өкілі мен Иранға жіберілген қазақ елшісі өкілінің жұмыстарының нәтижесі деп түсінеміз. Тәуекел хан келісімге сай Мауереннахрға алғашқы жорығын 1597 жылы II Абдаллах ханның тірі кезінде жасаса, Аббас шах болса, Бұхара билеушісі қайтыс болғаннан соң, 1598 жылы ұйымдастырады. 1598 жылы Тәуекел ханның келесі жорығы II Абдаллах ханның мұрагері қайтыс болғаннан кейін жасалады. Осылайша, Тәуекел ханның Мауереннахрдағы шайбанилық әулеттің билігіне қарсы күресі – оны тек қазақ тарихындағы ғана емес, сонымен бірге XVI ғасыр соңында бүкіл Орталық Азия аумағындағы танымал саяси қайраткер деңгейіне дейін көтереді.

Енді Тәуекел ханның 1598 жылғы Мауереннахрға жорығы мен оның барысына және қазақ тарихындағы маңызына тоқталсақ.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Тәуекел ханның жорығы 1598 жылы жаз айының соңында Абдал-Мумин ханның қастандықпен өлтірілуінен кейін басталады. Бұхара тағында алты ай отырған оны жергілікті әмірлер жасырын түрде қастандықпен өлтіреді. Бір қызығы, Мұхаммед Юсуф Мунши бойынша, Абд-ал-Мумин ханға қастандық ұйымдастырушылардың басында беделді бір қазақ ақсақалы болған. Ол былай деп баяндайды: «... Оның (Абд ал-Мумин ханның-Б.К.) билігі алты айға созылды. Бұхаралықтардың әкесінің қайырымдылығы мен ізгілігіне үйреніп қалғанын және өзінің іс-әрекеттеріне наразы болып, жаман бірдене ұйымдастырмақ ойларын Абд ал-Мумин білді. Ол ең беделді танымал адамдардың көзін жоймақ болды. Олар болса оны біліп қойып, жасырын кеңеске жиналды да, өздерінің үлкен істі (орындауға) дайын екендіктерін мәлімдеді. Жиналғандар ішінде бір ақсақал қазақ бар еді, ол былай деді: «Олай деуге болмайды». Ол орнынан тұрып, жиналысқа қатысушылардың әрқайсысының кеудесін кезек-кезек қолымен ұстап шықты да, ойымызды жүзеге асыруды айтқанда бәрінің жүректерің қатты соғып кетті. Тек екі адамға қарап тұрып: «Сендердің жүректерің орнында тұр», деді ақсақал. Ойластырған істі жүзеге асыру жаңағы екі адамға жүктелді». Сол екі адам Абд ал-Мумин ханды өлтіріп, басын кесіп алады.

Дерек мәліметіндегі есімі белгісіз ақсақал қазақтың Тәуекел ханға қаншалықты қатысы бар екені беймәлім. Дегенменде, біз 1580 жылдардың басынан бері Тәуекелдің Мауереннахрда болғанын, Бұхарамен ашық түрде де, жасырын түрде де саясат жүргізгенін, 1594 жылдан бастап басты қарсыласы шайбанилық әулет екенін ескере келе, ақсақал қазақтың жай адам емес, Тәуекел ханның Бұхара қаласындағы сенімді адамдарының бірі деген ойға көңіліміз ауады. Және ол адам жалғыз болмаған. «Тарих-и аламара-йи Аббаси» мәліметінде II Абдулла ханның ең сенімді, әрі белгілі әмірлерінің бірі – Абд ул- Уаси би деген әмірдің хан өлімінен кейін Тәуекел хан жағына шығып, Абд ал-Мумин ханға қастандық ұйымдастырушылардың бірі болғандығы және Тәуекел ханды Мауереннахрға жорық жасауға шақырғандығы айтылады. Осындай мәліметтерге қарап, Тәуекел ханның Мауереннахр қалалары мен оның астанасы Бұхара қаласында ықпалының

күшті болғандығын көреміз. Осы факторлар 1598 жылғы жорықта Ташкент, Акси, Андижан, Самарқан секілді қалалардың қазақтар жағына ұрыссыз өтуінің көп себептерінің бірі болса керек.

Тәуекел ханның жорығы жаздың соңғы айында басталады. Тәуекел ханның жарлығына сәйкес бүкіл қазақ жерінен 120 сұлтан атқа отырады. Искандер-бек Муншидың мәліметтеріне қарап, Тәуекел хан жорыққа жүз мыңнан аса әскер шығарған және ол әскердің бәрі Дешті Қыпшақ пен Түркістан аймағындағы тайпалардан жасақталғанын көреміз.

Одан әрі Искандер-бек Мунши өз баяндауын былайша жалғастырады:

«Тәуекел ханның осыншама мол әскеріне жергілікті өңірдің тұрғындары ешбір қарсылықсыз бағынды. Аз уақыт ішінде ол Орта Азияның Ташкент, Акси, Андижан, Самарқан сияқты ірі қалалары мен өңірлерін Бұхара аймағының қаласы Мианқалға дейінгі жерлерді басып алады. Самарқанда 20 мыңдық әскермен інісі Есім сұлтанды қалдырып, өзі 70-80 мың әскермен Бұхараны алу мақсатымен қалаға бет алады. Бұхарада 15 мыңға жетпейтін әскер болғандықтан, Пір-Мұхаммед хан мен әмірлер жаумен ашық майданға шықпай, қала бекінісі мен мұнараларын күшейтеді. Тәуекел хан қалаға жақын келіп, әскері бірнеше бөліктерге бөлінеді де, қаланы түгелдей қоршауға алады. Бұхаралықтар күн сайын қаланың әр қақпасынан қарсыластарына шабуылдар жасап, олардың адам санына шығындар келтіріп отырады. Осылайша он бір күн бойы осындай ұрыс болып тұрады. Он екінші күні Бұхарадағы барлық әскер қаладан шығып, күннің атысынан күннің батысына дейін соғысады. Осы күні бұхаралықтар жеңіске жетеді. Ал Тәуекел хан шегінуге мәжбүр болады. Шегінген әскердің алды Самарқанға жеткенде болған оқиға түгелдей Есім сұлтанға баяндалады.

Мұндай хабарды естіген Есім сұлтан ашуланып ағасына мынадай сипатта хабар жібереді: «Соншама әскермен азғантай ғана Бұхара әскерінен жеңіліп, шегіну деген ұят және өте қатты ұят нәрсе, егер хан Самарқанға келсе, бұл жақта да Бұхара жақтағыдай самарқандықтардың бізге бағынбауы мүмкін. Хан шегінісін тоқтатып, кері оралсын, мен оған өз әскеріммен қосыламын». Тәуекел хан інісінің кеңесін құп алады да, қайтадан Бұхараға бет алады. Көп ұзамай оған Есім сұлтан келіп қосылады. Бұхараға да Бакы-Мұхаммед сұлтан бастаған әскери күш Балхтан көмекке келіп жетеді. Екі жақтың әскері Мианқалдың Ұзынсақал деген жерінде кездесіп, ұрысты бастап кетеді. Шайқастар қайта жалғасып, бір айдай уақытқа созылады. Соғысушы екі жақ түпкілікті жеңіске жете алмайды. Осындай бір сәтте Тәуекел хан әскерді өзі бастап ұрысқа түседі. Қарсыластар жағынан көп әскер шығынға ұшырап, бұхаралықтардың ең беделді және танымал адамдары қаза табады. Осы шайқаста Тәуекел ханның өзі де ауыр жарақат алады. Хан жараланғаннан кейін қазақ әскерлері Ташкентке оралады. Ал көп ұзамай Тәуекел хан қайтыс болады. Осылайша, Қазақ хандығының тарихындағы ең бір көрнекті тұлғалардың бірі, қазақ елінің оңтүстік бағыттағы шекарасын қалпына келтіру үшін жан аямай күрес жүргізген және оны жүзеге асыра білген Тәуекел хан 1598 жылы өмірден озады.

Тәуекел ханның жеке басындағы жақсы тұлғалық қасиеттерін Т.И.Сұлтанов былайша атап көрсетеді: «Шығайдың ұлы Тәуекел сұлтан – айбынды және жеңімпаз жауынгер бола білді. Ұрыс өнерін жақсы меңгеріп, мерген садақшы болады. Және де ол жақсы ұл да болды. Оған адалдық қасиет тән еді. Тәуекел батыл және шұғыл шешімдер қабылдай алатын тұлға болды. Тәуекел жағдайды жақсы пайдалана білетін. Тәуекел адамдарды соңынан ерте білетін».

Тәуекел хан – елдік, мемлекеттік мүддені алдыңғы қатарға қойған тұлға болды. Алдыңғы беттердің бірінде Тәуекел ханның жарлығына сәйкес Мауереннахрға қарсы бағытталған жорыққа 120 қазақ сұлтанының атқа қонуы – ел ішінде саяси бірліктің орныққандығын көрсетеді. Ал оның 1584-1585 жылдардан 1598 жылға дейінгі Орыс мемлекетімен жүргізген дипломатиялық саясаты, Мауереннахрдағы шайбанилық әулет басшысы II Абдаллах ханға қарсы жорықтары, қарақалпақтар мен қалмақтарда өз әулетінің өкілдерін билікке отырғызуы, Шығыс Түркістанның саяси өміріне белсене

араласуы – Орталық Азия аумағына танымал болған тарихи тұлға болғандығын дәлелдейді.

Енді Тәуекел ханның ұрпақтары жөнінде айтсақ. 1594 жылғы дерек мәліметтерінде Тәуекел ханның ұлдарының үлкені – Құсайынның 10 жаста, одан кейінгілері 8 және 4 жаста болғандығы, сондай-ақ неше жаста екені белгісіз Мұрат есімді ұлының болғандығы айтылады.

Жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, Тәуекел хан жөнінде мынадай қорытындылар жасауға болады.

Бірінші, Тәуекел ханның жеке басындағы айбындылық, төзімділік, шыдамдылық, шұғыл шешім қабылдағыштық, адалдық, соғыс өнерін жақсы меңгергендік, саясаткерлік, көпшілікті соңынан ерте білушілік секілді қасиеттері – оны өз замандастарының алды етеді. Билеуші әулеттің өкілі ретінде онда мұндай қасиеттердің болуы – оны хан тағына әкеледі.

Екінші, Тәуекел хан билікке келісімен ең алдымен елдік және мемлекеттік мүдделерді алға қояды. XV ғасырдың 70-жылдарынан бері Сырдария өзені бойындағы қалалар мен өңірлер, жайылымдық жерлер үшін Мауереннахр билеушілерімен болып келе жатқан күресті соңына дейін жеткізіп, қазақ халқы үшін жеңіспен аяқтайды. Аталған аймақ қазақ халқының этникалық аумағының құрамдас бөлігіне айналады.

Үшіншіден, Тәуекел хан өзінің басты қарсыласы Бұхара ханына қарсы күресте кең ауқымды тұлға ретінде көрінеді. Оның Орыс мемлекетімен дипломатиялық байланыстары, Ирандағы Аббас шахпен байланысы, 1597-1598 жылдардағы Мауереннахрға нәтижелі жорықтары Тәуекел ханды бір халықтың тарихы шеңберінен асырып, Орталық Азия аумағына танымал тарихи тұлғалар қатарына қосады.

Төртіншіден, Тәуекел ханның қазақ тарихындағы рөлі мәселесі әлі терең зерттеулерді қажет етеді. Болашақта ғылыми айналымдарға енгізілетін дерек мәліметтері Тәуекел ханның қазақ тарихындағы, Орталық Азия тарихындағы тарихи – тұлғалық рөлін одан әрі айқындай түседі деген ойдамыз.

Берекет КӘРІБАЕВ

ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы